

Үштік сараптама мүшелері
Жарылқасын Ж. Ж., Изденов А. К., Серик Б. берген ескертулерді
«Оңтүстік Қазақстан облысының еңбекке қабілетті жасынан асқан тұрғындарына
біріншілік медициналық-санитарлық көмекті (БМСК) оңтайландыру»
тақырыбындағы диссертацияда докторант Ж. А. Ермаханованың кемшіліктерді
жоюы туралы қорытындысы

№	Диссертация бойынша	25.04.2019ж №167-42/19-7 ҚР. Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің қорытындылары: Сәйкестігі/Сәйкес еместігі (негіздеу)	«ҚМУ» КеАҚ Диссертациялық кеңесінің докторанттың түзетілген жұмыстары бойынша қорытындылары: Сәйкестігі/Сәйкес еместігі (негіздеу)
1	Диссертация тақырыбының Қазақстан Республикасында іске асырылатын ғылыми дамудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларына сәйкестігі	Ғылыми зерттеу жұмысы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік Университетінің гранттық қаржыландырылатын ғылыми-зерттеу жобаларының аясында «Оңтүстік Қазақстан облысының еңбекке қабілетті жасынан асқан халыққа біріншілік медициналық-санитарлық көмекті (БМСК) оңтайландыру» атты жоба 23.06.2015 жылы №15/1164 нөмірімен тіркеліп, 01.04.2015ж. - 01.04.2017ж. аралығында Оңтүстік Қазақстан (Түркістан) облысының аудандары мен қалаларының жергілікті амбулаториялық-емханалық мекемелерінде жүргізілген Қорытынды: ережеге сай	Диссертациялық жұмыс №15/1164 23.06.2015 жылғы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік Университетінің гранттық қаржыландырылатын ғылыми-зерттеу жобасы шеңберінде орындалған.
2	Диссертацияны өзі жазу принципінің сақталуы	Диссертацияны өзі жазған Қорытынды: ережеге сай	Диссертация ережеге сай өз бетінше жазылған.
3	Диссертацияда ішкі бірлік принципінің сақталуы	1. Әдеби шолуы материалдардың атауы, негізгі мақсаты мен міндеттеріне толық сәйкес келмейді; 2. Зерттеу мақсатында «денсаулық сақтау саласындағы экономикалық және құрылымдық өзгерістер жағдайында» факторлар	1. Әдеби шолу материалдары, сілтемелері қайта жаңартылған, саны көбейтілген-227; 2. Зерттеу мақсаты өзгертілген, толықтырылған; 3. Әдеби шолуда еңбек ету жасынан асқан тұрғындардың өліміне алып келетін негізгі патология жүрек-қан

		<p>пайда болды;</p> <p>3. 3-ші міндетте «Жүрек – тамыр жүйесі аурулары» зерттеуде кенет пайда болған.</p> <p>4. 4-ші міндетте «егде жастағы адамдар арасында жүрек қан тамырлары жүйесінің ауруларынан болатын өлім-жітімнің алдын алуға бағытталған инновациялық шаралардың әлеуметтік – медициналық, ұйымдастырушылық және экономикалық тиімділігі» анықталуы керек, бірақ, жұмыста әлеуметтік – медициналық және ұйымдастырушылық толық ашылмаған, ал, экономикалық тиімділік бағаланбаған;</p> <p>5. Автор 5-ші міндетті толық ашпаған</p> <p>6. Зерттеу нәтижелерінде 3.4. тарауда өмір сапасын бағалау, әлеуметтік және медициналық аспектілерді зерттеу нәтижелері келтірілген, бірақ салыстырмалы топ көрсетілмеген.</p> <p>7. Зерттеу барысында онкологиялық, психикалық, неврологиялық, офтальмологиялық және т.б. патологиялар анықталған, бірақ, тек жүрек қан тамыр жүйесінің патологиясын талқылаумен шектелген</p> <p>8. Диссертацияның мәтінінде ұорғауға ұсынылған 3 қағида, ал, веб – сайттаға аннотацияларында 7 қағида ұсынылған</p>	<p>тамыр жүйесі ауруларының алатын орнын анықтау деп көрсетілген.</p> <p>«1.4. Еңбекке қабілетті жасынан асқан тұрғындардың қан айналым жүйесі ауруларының БМСК ұйымдарында медициналық-әлеуметтік көмекті ұйымдастыру ерекшеліктері» қосылған. ОҚО аумағында жүргізген ғылыми-зерттеу жұмыстардың нәтижесінде еңбек ету жасынан асқан тұрғындардың мүгедектігінің 52,35%, ал өлімнің 60,93% жүрек-қан айналу жүйесі ауруларының үлесіне тиетіндігін көрсетілген. Сондықтан, осы топ мүшелері арасындағы мүгедектік пен өлімнің алдын алу тиімділігі бірінші кезекте жүрек-қан айналу жүйесі ауруларынан қарсы профилактикалық, реабилитациялық және медициналық – ұйымдастырушылық шараларды жіті ұйымдастыруға байланысты екенін баяндаған;</p> <p>4. 4-ші міндеттің құрылымы өзгертілді, «экономикалық тиімділігі» міндеттен алынды, өзгертілген 4-ші міндетті орындау үшін алғашқы және екіншілік профилактикалық шаралар сапасын арттыру арқылы кардиологиялық қызметті жетілдіру моделі жасалды. Осы модельде кардиологиялық қызметті жетілдіру және инфаркт ауруынан кейінгі аурулардың денсаулығын қайта қалпына келтіру (реабилитация) мәселелері толығынан қамтылған.</p> <p>5. 5-ші міндет 4-ші</p>
--	--	--	---

			<p>міндетпен біріктіліп, қайтадан өңделген.</p> <p>6. Ұсынып отырған диссертациялық жұмыста «SF 36» сауалнамасын жүргізгенде респонденттерді салыстырмалы дені сау және ілеспелі созылмалы аурулары бар топтарға бөліп салыстырылған.</p> <p>7. Зерттеу барысында, егде және кәрілік жасындағы тұрғындардың өліміне алып келетін аурулардың ішінде онкологиялық, неврологиялық, психикалық және травматологиялық аурулар да өзіндік үлестерін қосатыны көрсетілген, дегенмен, 3 жылдық докторантура оқу мерзімінде міндетке қосып, зерттеу мүмкін еместігі көрсетіліп, жүрек қан айналым жүйесінің ауруларын талдап, арнайы ұсыныстар дайындалған. Ғылыми кеңесшісі М.А.Булешовтің жетекшілігімен аталған патологиялардың алдын алу шаралары басқа докторанттардың еңбектерінде қарастырылған.</p> <p>8. 3 тілдегі ұсынылған аннотацияларының мәтіні жаңадан ұсынып отырған диссертациялық жұмысының мәтінімен толық сәйкестендірілген.</p> <p>Қорытынды:ережеге сай</p>
4	Диссертацияда ғылыми жаңашылдық принциптінің сақталуы, негізгі ғылыми нәтижелері	<p>1. Жұмыстың ғылыми жаңашылдығы жеткіліксіз. ОҚО үшін осы ғылыми бағытта қолданылатын әдеби көздерді талдау және медицина туралы деректерді экстраполяциялау мүмкін емес.</p> <p>2. Диссертацияның мәтінінен бұл зерттеудің экспериментальді</p>	<p>1. ОҚО үшін осы ғылыми бағытта қолданылатын әдеби көздерді талдау үшін отандық әдеби көздері қайтадан жаңаланып, көбейтілген, тақырыптың нәтижелеріне орай, ҚР кардиологиялық қызметтерді жетілдіру, қолжетімділігін арттыру бағдарламалары толықтырылған.</p>

		<p>апробациясын енгізу, бағалау және статистикалық салыстыру сипатталмаған.</p>	<p>2. Диссертацияда осы әлеуметтік топтың жастық және жыныстық ерекшеліктеріне және аурулар мен дені сау тұлғалардың өмір сүру сапасының қалыптасу ерекшеліктерін салыстыра отырып бағалау нәтижелері берілген. Егде және қарт жастағы аурулар арасында жүргізілген реабилитациялық шаралардың тиімділігі арнайы кестеде келтірілген. Осыдан осы әлеуметтік топтағы жалпы өлім көрсеткіші 2016-2018 жылдары 4,5 % төмендегені туралы мәліметтермен толықтырылған. Ғылыми жаңалығы бойынша Еңбек ету жасынан асқан тұрғындардың өліміне және мүгедектігіне алып келетін негізгі патологиялар жүрек-қан айналу жүйесі ауруларының профилактикасы мен инфаркт ауруынан кейінгі реабилитация шараларын жетілдіру мәселелеріне арналған және ҚР Білім және ғылым Министрлігінің оқу-әдістемелік кеңесінің қолдауына ие болған (№7 хаттама, 1 қараша 2018ж.) «Егде және кәрі жастағы тұрғындардың жүрек-қан айналу жүйесі ауруларының біріншілік пен екіншілік профилактикасын жетілдіру және кардиологиялық қызметті қажетті қорлармен қамтамасыз етуді ұйымдастыру» атты оқу құралы жергілікті ауруханалар мен емханаларға, медициналық жоғары және орта оқу орындарына ұсынылған, енгізу актілері қосымшада</p>
--	--	---	--

			тіркелген. Қорытынды: ережеге сай
5	Диссертацияда дәйектілік принципін сақталуы	1. Автор ғылыми зерттеулер әдіснамасын сақтамаған, дәлелді медицина принциптеріне сәйкес «қарапайым, толық, түсінікті жеңіл қайталанатын» болу керек!	Зерттеу әдіснамасы қайта өңделген, жүргізілген зерттеу әдістері, қолданылған статистикалық құралдары толығымен дәлелді медицина принциптеріне сай түсіндірілген. Қорытынды: ережеге сай
6	Диссертацияда практикалық құндылығын сақталуы. Диссертацияның қолданбалы немесе теориялық мәні бар (керектігін сызу қажет)	Өзірленген модельдің қолданыстағы модельмен салыстырмалы бағалау сипаттамасы толық ашылмаған.	Егде және қарт жастағы аурулар арасында жүргізілген реабилитациялық шаралардың тиімділігі кестеде келтірілген. Осыдан осы әлеуметтік топтағы жалпы өлім көрсеткіші 2016-2018 жылдары 4,5 % төмендеді. Ал, ЖТЖ ауруларына 1391,57-ден 1320,15-ке, яғни 5,2% -ға төмендеген. Профилактикалық шаралардың ең жоғары нәтижесі кардиологиялық аурулар арасында орын алған. Оның басты себебі, осы бағыттағы инновациялық шаралардың кеңінен енгізілуі ден қарастыру қажет. Тиімділігін бағалау көп салалы математикалық модельдеу бағдарламасы қолданылған. Кардиологиялық қызметтердің барлық қорларын тұтас нығайтудың нәтижесінде ғана ең тиімді нәтижеге жетуге болатыны анықталған. Қорытынды: ережеге сай
7	Жарияланымдар толықтығының сәйкестігі: диссертация тақырыбы бойынша ғылыми еңбектері	Диссертациялық жұмыстың тақырыбы бойынша 14 ғылыми еңбек жарық көрген, ҚР. Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдарда мақалаларды жариялау кезінде 1 мақала	Диссертациялық жұмыс бойынша 2019 жылы 5 ғылыми еңбек (жалпы 19), оның ішінде ҚР Білім және Ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынатын басылымдарда 2 мақала, Scopus мәліметтер базасына кіретін халықаралық

		талапқа сәйкес келмейді	журналда 1 мақала, Отандық ғылыми басылымдарда 2 мақала жарияланған. Қорытынды: ережеге сай
8	Рецензенттер мен ғылыми кеңесшілердің бір-біріне тәуелсіздік қағидасының сақталуы	Ғылыми зерттеушілер мен рецензенттер арасында мүдделер қақтығысы анықталған жоқ Қорытынды: ережеге сай	Рецензенттер мен ғылыми кеңесшілердің бір-біріне тәуелсіздік қағидасы толық сақталған.
9	Диссертацияда авторы мен дереккөзін көрсетпей бөтен материалды пайдаланғанының(плагиат) анықталуы	1. Antiplagiat жүйесінде (www.Antiplagiat.ru) диссертацияның дерексіз және іріктеп фрагменттерінің жиынтық баяндамасына сәйкес, түпнұсқалық 97,31%, қарыз алу 2.69%, тексеру плагиат жоқ екенін көрсетті. Қорытынды: ережеге сай	Плагиат жағдайы анықталмаған. Ережеге сай.

Комиссия мүшелерінің қорытындысы: Ph докторант Ермаханова Жанар Акбаровнаның «Оңтүстік Қазақстан облысының еңбекке қабілетті жасынан асқан халыққа біріншілік медициналық-санитарлық көмекті (БМСК) оңтайландыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын қайта қорғауға рұқсат берілді.

Комиссия төрағасы: м.ғ.к., қауымдастырылған профессор




Ж.Ж.Жарылқасын

Комиссия мүшесі: PhD



Б. Серик

Комиссия мүшесі: PhD



А.К. Изденов

09 . 10 . 2020 жыл